

ҚАРАЛДЫ

№ 1 педагогикалық кеңес отырысы

2024 жылғы «29» таңыс

КЕЛІСІЛДІ

Қамқоршылық кеңес Төрайымы

С.В. О.В. Синябрюкова
2024 жылғы «2» қыркүйек

БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры

Қ.А. Мәуленкүлов
2024 жылғы «2» қыркүйек



**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
«Павлодар қаласының №40 жалпы орта білім беру мектебі» КММ**

**2024-2029 оқу жылдарына арналған
МЕКТЕПТІҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

ҚҰРЫЛЫМЫ

I. Кіріспе

1.1 Қысқаша жиынтық

1.2 Түсіндірме жазба

II. Даму бағдарламасының талдамалық және болжамдау блогы. SWOT-талдау

2.1 Ағымдағы жағдайды талдау: негізгі проблемаларды және олардың себептертерін талдау

2.2 Инновациялық әлеуетін бағалау

2.3 ББҰ перспективалары туралы пікірлерін (ӨБ, жетекшілер және т.б.) зерделеу

2.4 Инновациялық процесте күтілетін салдарларды болжау, өзгерістер тәсілдерін ұсыну

2.5 Білім беру процесінің мазмұнына қанағаттану дәрежесін зерделеу үшін тәрбиеленушілердің/білім алушылардың ата-аналарынан сұхбат алу және сауалнама жинау

III. Бағдарламаның инновациялық аспектісі

3.1 Өзектілігі (анықталған мәселелерді шешуге және белгіленген мақсатқа жетуге бағытты)

3.2 Шынайлық (ББҰ мүмкіндіктерін объективті көру және қолдау)

3.3 Кешенділік

IV. Бағдарламаның миссиясы, сапасы

4.1 Бағдарламаның мақсаттары барлық стейкхолдерге жауап береді

4.2 Қолданыстағы білім беру жүйесіндегі ББҰ-ның қызметінің бірегейлігі

V. Бағдарламаның стратегиялық блогі

5.1 Республика, облыс жүйесіндегі қоғамдық ұйымдардың орны мен рөлі

5.2 Болашақта тиімді жұмысты қамтамасыз ету мақсатында стратегияларын таңдау және жету кезеңдерін болжау

5.3 Инновациялық әлеуетін дамыту және оған кол жеткізу (МТБ, персонал және т.б.)

VI. ББҰ ДБ мақсаттарына жету жолдары

6.1 Бағдарламаны іске асыру жоспарын әзірлеу

6.2 Мақсаттар мен міндеттерге жету үшін әрекеттерді ұйымдастыру және үйлестіру

VII. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелердің сипаттамасы

7.1 Бағдарламаны іске асыру барысында күтілетін нәтижелердің сипаттамасы

7.2 Күтілетін нәтижелер

VIII. Бағдарламаның нысаналы индикаторлары туралы ақпарат

I. КІРІСПЕ

1.1. Қысқаша жиынтық

Осы Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №40 жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің даму бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) 5 жылдық кезең ішіндегі білім мекемесінің негізгі даму бағыттары мен жолдарын анықтайтын стратегиялық құжат болып табылады. Басты бөлімде қысқаша сипаттама, мазмұны және Бағдарламаның негізгі мақсаты көрсетіледі.

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №40 жалпы орта білім беру мектебі» КММ – мектепке дейінгі және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімді қамтитын біртұтас құрылымда оқу-тәрбие міндеттерін жүзеге асыратын көп функциялы мекеме. Мектеп бағдарланған және құндылықтардың үш түріне негізделген: жеке даму құндылықтары, мәдени мұраны құрметтеу және әлеуметтік интеграция құндылықтары.

Бүгінгі таңда педагогикалық ұжымның жұмысын ұйымдастыру нәтижелі болып көрінетін жетекші дидактикалық идея – оқу-тәрбие процесін адамның өзін-өзі тәрбиелеуге мақсатты түрде дайындаудың негізгі шарты және негізгі құралы ретінде түсіну. Басқаша айтқанда, оқушының тұлғалық танымдық мүмкіндіктерін дамыту құралы.

1.2. Түсінік хат

Мектептің даму бағдарламасы 2024-2029 жылдар аралығына арнап жасалған. Бағдарлама мектеп әкімшілігі, мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесі алдын ала өткізілген мониторинг талдау жұмыстарына сүйене отырып құрылды. Бағдарлама мектеп миссиясын орындауға бағытталған. Алдымен мектептен анықталған басты проблеманың бірі білім алушылардың білім сапасын көтеруге, мұғалімдердің өзіндік ізденісін, инновациялық озық технологияларды тиімді қолдана алуына баса назар аудару есепке алынды. Мектептің бала өмірінде алатын орнының маңыздылығын ескеріп, үштік модельді қалыптасытуда бірлікпен әрекет ету қажеттілігі де есепке алынды. Ұсынылып отырған бағдарлама мектептің білім беру стратегиясында ұлттық құндылықтарды әсіресе оның ішінде білім алушылардың ұлтымызға тән адами қасиеттерін, білімділік пен өзінің әлемдік орнын айқындаған ұлы елдің ұрпақтары ретінде тәрбиеленуіне бағытталған. Бұл бағдарлама мектептің білім беру стратегиясын, негізгі бағытын, мақсаты мен міндеттерін және оларды жүзеге асырудың механизмдерін анықтайды.

Бағдарлама жалпы білім берудің мектеп жағдайындағы модернизация стратегиясын анықтайды. Білім беруді дамыту және жаңғырту бағдарламасының негізгі мақсаттары, міндеттері мектептің жалпы мәдени, ұлттық-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, ерекшеліктерін ескереді. Бағдарлама Қазақстан Республикасындағы барлық білім беру жүйесінің даму стратегиясы мен әлеуметтік саясатты іске асыруды ескере отырып, мектептегі білім берудің қазіргі жай-күйі, оның дамуын болжау негізінде әзірленген Бағдарлама жалпы мектеп ұжымы қызметінің негізгі бағыттарын анықтайтын құжат болып табылады.

Білім беру жүйесі белсенді, шығармашылық, сыни, аналитикалық ойлауы бар, бұрын белгісіз мәселелерді шеше алатын, өзгерістерге тез бейімделетін, жаңасын жасай алатын креативті адамдарды дайындауға шоғырлануы керек. Функционалды, IT сауаттылық, ағылшын тілін білу, жоғары моральдық азаматтық жетілу де маңызды Білім беру жүйесінің жаһандық ортаға

интеграциялануын ескере отырып, ұлттық кодты сақтай отырып, еліміздің мәдениетін ескеру қажет. Сондықтан патриоттық тәрбиенің ерекшелігі білім алушылардың сана-сезімін белсенді азаматтық ұстаныммен және өзінің үлкен және кіші отанының тарихына, мәдениетіне, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне құрметпен қалыптастыру болады. Сондай-ақ, қазіргі заманғы мектеп отбасымен тығыз қарым-қатынаста болуы керек. Сонымен қатар, мектепті басқару жүйесі ата-аналар мен қоғам үшін ашық және түсінікті болуы керек. Мектеп оқу және демалыс орталығы ретінде мектеп оқушылары үшін ғана емес, олардың ата-аналары үшін де тартымды болуы керек. Мектепті дамыту бағдарламасы-мектепті дамытудың 2024 жылдан 2029 жылға дейінгі кезеңге арналған жолдары мен негізгі бағыттарын айқындайтын құжат. Даму бағдарламасы мектептің мақсатын, міндеттерін, бағыттарын анықтайды және даму нәтижелерін болжайды. Даму бағдарламасы мектептің жай-күйін, ата-аналардың білім беру және өзге де қызметтерге қажеттілігін нақты талдау негізінде, сондай-ақ болашақтағы басымдықтарды негізге алады.

Бағдарламаның мақсаты қоғамның қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес келетін және оқушылардың жеке және әлеуметтік түйінді құзыреттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беру ортасының оңтайлы моделін құру болып табылады.

- Мұғалім теориялық сабақтарда қазіргі оқыту жүйесінің ерекшелігін, қазіргі заманға сай кезеңде педагогикалық еңбекті, семинарлар мен тәжірибелерде сабақты жүйелі түрде талдау мен өзіндік талдауды, оқушыларға диагностикалық жұмыстың формасын меңгерту;
- Оқу-тәрбие үрдісін психологиялық-педагогикалық жетелеуде жеке түзетілген диагностикалық карталарды, диагностикалық және зерттеу әрекеттерін біліктілік арқылы қалыптастыру;
- Әдістемелік тәжірибеде қазіргі заманға сай талдау көзқарасын, зерттеу әрекеті мен педагогикалық әрекет негізінде өзіндік талдау мен өзіндік бағалауды үйрену;
- Заман талабына сай, интеллектуалды ұлт қалыптастыру;
- Білім алушыларға отансүйгіштік патриоттық сезімді қалыптастыру.

«2050 жылға қарай, біз Қазақстанның кез-келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы, өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс».

*«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы,
Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.*

**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
«Павлодар қаласының №40 жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің даму бағдарламасының
ПАСПОРТЫ**

(ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №273 бұйрығының 1 -қосымшасына сәйкес)

Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	• Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған; • «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы; • «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Қазақстан Республикасының Заңы; • «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы; • «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы; • «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы №326 қаулысы. • Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы; • «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы; • «Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндама жобасы 2023 ж. • «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы • Абайдың «Толық Адам» концепциясы; • «Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндамасын іске асыру жөніндегі Павлодар қаласы білім беру бөлімінің жол картасы
--	--

Бағдарламаны әзірлеуші	Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №40 жалпы орта білім беру мектебі» КММ - мектептің педагогикалық ұжымы; - мектептің оқу-әдістемелік кеңесі; - мектеп әкімшілігі; - қамқоршылық кеңес өкілдері.
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	Білім беру мазмұны саласында: • вариативті білім беру бағдарламаларын жасау арқылы оқу үдерісін әртараптандыру; • оқушыларға қолжетімді, сапалы білім беру қызметін ұсынатын білім беру ұйымы ретінде мектеп моделінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесін құру; • оқу жоспарының вариативтік бөлігі есебінен білім беру қызметтерінің тізімін кеңейту (таңдау курстары, қолданбалы курстар, элективті курстар, жеке және топтық дамыту сабақтары); • табысқа жету мотивациясын арттыру, әлеуметтік бейімделу деңгейін және өзара әрекеттесу мәдениетін арттыру; • құндылықтар негізінде білім және тәрбие беру моделін енгізу; • білім алушыларда әлеуметтік мәселелерді шешу қабілетін қалыптастыру, білім алушылардың жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру және бекіту. Денсаулық сақтау саласында: • білім беру үдерісіне денсаулықты сақтайтын технологияларды енгізу; • білім алушылардың салауатты өмір салты дағдыларына қажеттіліктерін қалыптастыру. Кадр саясаты саласында: • педагогикалық ұжымның инновациялық қызметті жалғастыруға мотивациясын қалыптастыру; • мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырудың жаңа формалары мен жолдарын іздеу; • ақпараттық технологиялар саласында мектеп қызметкерлерінің барлық санаттарының біліктілігін арттыру Білім беру жүйесін басқару саласында: • білім беру ортасын құру процесін корпоративтік басқару механизмін әзірлеу • жеке білім беру және мәдени қажеттіліктерін қалыптастыру және дамыту процесінде білім алушыларға сауатты және қамқорлық көрсету ретінде репетиторлық технологияны енгізу. • мектепті дамыту идеяларын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге қабілетті жаңа басқару жүйесінің құрылымын әзірлеу және енгізу;

	• жаңа ұйымдық нысандарды құру, мемлекеттік мемлекеттік басқарудың жаңа субъектілерінің (қамқоршылық кеңес) жұмысын жалғастыру, олардың өкілеттіктерін анықтау; Қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласында: • қаржы ресурстарының қозғалысын жоспарлау және бақылау механизмін әзірлеу; • қосымша қаржыландыру көздерін тарту (бюджеттен тыс қорлар, демеушілік); • білім беру мекемесінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында материалдық-техникалық базаны нығайту (оқу процесін компьютерлендіру, аудиовизуалды құралдарды, ұйымдастыру техникасын, оқу көрнекі құралдарын алу), оқу кабинеттері мен үй-жайларының интерьерін белгіленген талаптарға сәйкес жаңарту. Оқу процесінің мақсаттары және Санитарлық талаптар мен нормалар стандарттары, жаңа буын жабдықтары.
Күтілетін нәтижелер	Білім беру мазмұны саласында: • бейіндік оқытудың икемді жүйесінің болуы; • білім алушыларда өзін-өзі тәрбиелеудің қажетті шарты ретінде әрекет ететін ғылыми ойлау стилін қалыптастыру; • олимпиадалар мен шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары санының артуы; • мектепті үздік аттестатпен бітірген түлектердің санын арттыру; • мектеп түлектерінің кәсіптік білім беру ұйымдарына түсу кезінде бәсекеге қабілеттілігін арттыру; • жаңа пәндерді, факультативтерді, курстарды, үйірмелерді, дамытушылық сағаттарды (соның ішінде қосымша білім беру жүйесінде) енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту; • мазмұны мазмұнның тұлғалық бағыттылығы, жеңілдету, ізгілендіру және ізгілендіру, мәдени сәйкестік қағидаттарына құрылған өзіндік білім беру бағдарламаларын әзірлеу.
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	1-кезең 2024-2025 жж • Іс-шаралар жоспары бойынша мектепті дамытудың негізгі бағыттарын жүзеге асыруға жағдай жасау және бастау; • Мектепті дамыту бағдарламасын іске асыруды ресурстық қолдау; • Мектеп дамуының негізгі бағыттарын жүзеге асырудың аралық нәтижелерін сараптауды ұйымдастыру; 2-кезең 2025-2026 жж • Мектептің даму бағдарламасының негізгі бағыттары бойынша ұйымдастыру іс-шаралар жоспарын орындауды аяқтау; 3-кезең 2026-2027 жж • Жоспардың орындалуын, мектептің даму бағдарламасын іске асырудағы мектеп педагогикалық ұжымының қызметінің нәтижелерін бақылау;

	4-кезең 2027-2028 жж. • Даму бағдарламасын іске асыру нәтижелерін талдау және сипаттау; • Білім беру ортасы шеңберінде Даму бағдарламасын іске асыру туралы есептер; 5-кезең 2028-2029 жж • Мектептің даму бағдарламасын жүзеге асыруды қорытындылау • Инновациялық білім беру технологиялары бойынша мектептік оқу-әдістемелік кешен банкін құру; • Тәжірибені жалпылау, нәтижелерді тіркеу және жариялау.
Қаржыландыру көздері	Мектепті дамытуға жыл сайынғы қаражат және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері

Білім беруді ұйымдастыру туралы ақпараттық анықтама

Білім беруді ұйымдастырудың жалпы сипаттамасы:

Мекеме атауы (Жарғы бойынша)	Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №40 жалпы орта білім беру мектебі» КММ
Мекеменің түрі және типі	Жалпы орта білім беру мектебі
Құқықтық-ұйымдастыру формасы	Коммуналдық мемлекеттік мекеме
Негізі қаланған жыл	1966 жылғы 1 қыркүйек
Заңды мекенжайы	Павлодар қаласы, Павлодар ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 60/1
Телефон/факс	+77182318416
Электронды поштасы	sosh40@goo.edu.kz
Басшының Т.А.Ә.	Мәуленкүлов Қожакеді Аманкелдіұлы

II. Даму бағдарламасының талдамалық және болжамдау блогы. SWOT-талдау

2.1. Мектептің ағымдағы қызметінің жай-күйін, негізгі проблемаларды және олардың себептерін талдау
(«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес)

Мақсаты – мектептің күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен кедергілерді талқылау. Оны оқудың немесе ұжымдағы қарым-қатынас сияқты жақсартудың белгілі бір бағыты үшін реттеуге болады.

Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау

Кадрлық ресурстар			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Педагогикалық кадрлар біліктілігінің жоғары деңгейі. Педагогикалық шеберлік біліктілік санаттардың өсуі. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша, шет тілі бойынша курстар, тәлімгерлік, мектеп тренерлерінің курстары, пәндік құзыреттіліктер курстары арқылы біліктілікті арттыру. Оқу үшін оқыту тұжырымдасамын толық қабылдаған педагог кадрлардың болуы. Мектеп әкімшілігінің құзіреттілік деңгейінің	Біліктілігін арттыруға уәждеменің болмауы, жеке санаттағы педагог («ескі» шындалған адамдар). Ерекше балалардың қажеттілігін қанағаттандыратын тәжірибенің жеткіліксіздігі. Мектепті басқару кадрларының тәжірибесіздігі, тұрақсыздығы. Мектепті «ақша табу орнына» айналдырған жекелеген педагог кадрлардың болуы. Педагогтер арасындағы өзара ынтымақтастық қарым-қатынастың нашарлығы немесе болмауы Ұжымдағы нақты мәселелерге әсер ету тетіктерінің болмауы. Қайта даярлау немесе біліктілік арттыру курстарынан уақытында өтпеу. Мәдени-бұқаралық шараларды	Олардың біліктілігін арттыруға уәждемесін арттыру үшін педагогтарды көтермелеу жүйесін құру. Әлеуметтік-психологиялық компонентті күшейту. Біліктілік деңгейін көтеруге болатын әр алуан конкурстар мен курстарға, семинарларға қатысу	Демографиялық жағдайға байланысты бастауыш сынып мұғалімдерінің қысқаруы және орта буын пән мұғалімдеріне деген қажеттіліктің өсуі. Ағылшын, орыс тілі, математика, информатика пәні мұғалімдерінің жетіспеуі Мектепті басқару кадрларының тұрақтылығын қалыптастыру үшін еңбекақы немесе үстемақының жеткіліксіздігі. Нормативтік-құқытық актілердің (НҚА) жиі өзгеруі (педагог кадрлерлі аттестаттау, біліктілік курстары, т.б.).

жоғары болуы.	ұйымдастыруда бірлесе отырып жұмыс істеудің жеткіліксіздігі		
Материалдық-техникалық ресурстар			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Интернет желісіне қосылған қазіргі заманғы оқу кабинеттерінің, компьютерлік сыныптардың, спортпен айналысу үшін жағдайлардың, тамақтанумен, медициналық қызмет көрсету мен қамтамасыз етудің болуы. Оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуі. Өлкетану бағдарламасына сай ұлы тұлғалардың есімімен кабинеттерді ашу мүмкіндігі. Заманауи кітапхана, асхана, коворкинг, т.б. орталықтарды ашу. Робот техникасын дамыту бойынша кешеннің болуы	Ерекше балалардың қажеттілігіне бейімделген кедергісіз білім беру ортасының қанағаттандырмауы. Ескі оқу ғимаратының күй-жайы. Материалдық-техникалық ресурстардың жеткіліксіздігі. Компьютерлік парктің ескіруі. Спорт залдары мен алаңдарының жаңартылмауы. Мектеп аумағы мен ауласының абаттандырылуының қанағаттандырмауы. Мектеп жылыжайының іске қосылмауы Оқу кабинеттерінің заманауи жабдықталмауы	Компьютерлік паркті жаңарту. Қашықтық-оқыту үшін интернетті пайдалану мүмкіндіктері. Заманауи материалдық-техникалық ресурстармен (интербелсенді тақталар мен панельдер) қамтамасыз ету Оқу кабинеттерін заманауи жабдықтау. Демеушілік қаржыландыру көздерін пайдалана отырып, қолайлы орта мен қауіпсіз ортаны қалыптастыру	Ерекше балалардың қажеттіліктеріне бейімделген кедергісіз білім беру ортасын құру үшін жеткіліксіз қаржыландыру. Материалдық-техникалық ресурстарды жаңартуға немесе сатып алуға қаржыландырудың жеткіліксіздігі
Ақпараттық ресурстар			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)

Жоғары жылдамдықтағы интернет желісіне қосылудың болуы. Оқыту сапасына мониторинг жүргізу. Электрондық журнал және күнделіктер. Мектептің бірыңғай ақпараттық кеңістігі арқылы отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі. Мемлекеттік қызмет көрсетулердің автоматтандырылуы, ыңғайлылығы	Мектеп сайтының тұрақты жаңартылмауы; Электрондық білім ресурстары банкінің болмауы. Басқару қызметін автоматтандыруды ұйымдастырудың жеткіліксіздігі. Мектеп педагогтерінің жасанды интелектіні пайдаланудағы тәжірибесіздік. Мектептегі интернет желісін мақсатты қолданудың тиімсіздігі	Қашықтық – оқыту мүмкіндігін іске асыру. Мектеп педагогтерінің педагогикалық интернет-бірлестіктерге қатысуы. Педагогтердің сандық құзіреттіліктерін арттыру.	Ата-аналар мен оқушылардың мектеп интернет-ресурстарын тұрақты пайдаланбауы. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жыл сайын білім беру ресурсы платформасының үздіксіз ауысып отыруы. Ауылдағы интернет желісі жылдамдығының төмендігі, жекелеген аудандарда болмауы
--	--	---	--

Білім беру сапасын арттырудың ғылыми-әдістемелік шарттары және инновациялық қызмет

Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Әдістемелік кеңес, проблемалық шығармашылық топтар, сертификатталған мұғалімдердің желілік қоғамдастығының жұмыс істеуі. Педагогтардың ішкі корпоративтік біліктілігін арттыру (коучинг). Әдістемелік-дидактикалық құралдарды әзірлеу. Жалпы білім беретін мектеп жағдайында ерекшелігі бар балаларды инклюзивті білім беру ұйымына ұжымның дайындығы.	Облыстық және республикалық деңгейде барлық мұғалімдердің озық тәжірибесін ұсынбау. Педагогикалық шеберліктің, олимпиадалардың байқауларына тиімсіз қатысуы. Өзін-өзі жетілдіруге мотивацияның жеткіліксіздігі немесе болмауы. Әдістемелік көмектің жеткіліксіздігі. Оқу үдерісіндегі ескірген әдіс-тәсілдерді қолдану.	Педагогтарды озық педагогикалық тәжірибелер бойынша орта құруға ынталандыру және әртүрлі деңгейлерде тәжірибелердің таратылуына уәждеу. Онлайн-оқытуды ұйымдастырудың тиімділігі ретінде цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу. «Өрлеу», педагогикалық шеберлік орталықтарында, семинарларда тәжірибемен бөлісу	Жалпы білім беретін мектеп жағдайында ерекше білім беруді қажет балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру кезінде мұғалім тьютер-көмекшісін даярлаудың болмауы. Инновациялық қызметті жүзеге асыруда кадрлардың жетіспеуі (педагог-психолог, педагог-тьютер) Нормативтік-құқықтық актілердің (НҚА) жиі өзгеруі, нәтижеге жетпей жатып, басқа НҚА-ның қабылдануы. Шамадан тыс қағазбастылық. Білім алушылардың бағдарламаны игерудегі селқостық танытуы. Ата-аналар тарапынан қолдау таппау.

Жаңартылған білім беру мазмұнын іске асыру			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Мектепте білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу бойынша іс-шаралар жоспарының болуы және іске асырылуы. Оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелілігінің мониторингі. Сапалы кадрлық құрам. Мемлекеттік білім беру стандарттарын, типтік оқу бағдарламаларын, әдістемелік нұсқау хатты ескере отырып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру.	Оқыту жүйесінің өзгеруіне қатысты кейбір педагогтардың консервативті тәсілі. Мұғалімдердің шет тілін жеткіліксіз меңгеруі. Lesson Study зерттеуін жүргізбеу. Ата-аналар қоғамдастығының педагогикалық тәсілдерге қарсы әрекеттері. Білім алушылардың танымдық қызығушылығының төмендеуі.	Жоғары оқу орындарының, инновациялық орталықтардың, білім беру бөлімі әдіскерлерімен өзара іс-қимылды кеңейту. Үш тұғыр – оқушы, ата-ана, мұғалім қарым-қатынасын оңалту. Ерекше білім беруді қажет балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру үшін жеке авторлық бағдарламалар құрастыру	Кейбір оқушылар мен олардың ата-аналарының білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша бағдарламаның мақсаттарын түсінбеуі немесе қабылдамауы. Ата-аналар тарапынан білім алушылардың білім сапасына әлсіз бақылау жасауы. Оқу материалдарының ғылымнан алшақтауы. Типтік оқу бағдарламаларында білім алушылардың жеке және топтық қызығушылықтарын ескере отырып, қосымша факультативтік сабақтарды жүргізуге бөлінген сағаттардың жеткіліксіздігі.
Оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту шарттары, білім беру сапасы			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Оқыту сапасының тұрақты динамикасы. Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың, ҰБТ-ның оң нәтижелері. Облыстық және республикалық деңгейдегі білім олимпиадалары мен конкурстарда жүлдегерлер мен жеңімпаздардың санын арттыру.	Білім сапасының жоғарығы пайызы жеткіліксіз сыныптарда көрсеткіштердің төмендеуі және теріс динамика Жеткіліксіз іске асыру: - оқудағы үлгерімсіздікті жеңу мақсатында оқушылармен жеке жұмыс; - барлық оқушылардың зерттеу және жобалау қызметі; - мектеп оқушыларының республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадаларға қатысуы.	Білім беру нәтижелеріне педагогтардың, ата-аналардың қызығушылығы. Оқушылардың жеке білім беру бағыттарын жүзеге асыру. Білім алушар үшін әр алуан олимпиадалар мен жарыстардың болуы. Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің жоғары оқу орындарына қосымша тегін гранттарға ие болуы немесе оларды қосымша ынталандыру	Мектептің дарынды оқушыларының шамадан тыс жүктелуі. Интернетті аралық аттестаттауда және бақылау жұмыстарында білім көзі ретінде пайдалану. Интернет желісінде «дайын жауаптардың» еркін таралуы Жасанды интелекті білім алушылардың дұрыс пайдаланбауы. Оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту мен білім беру сапасын арттырудың бір жақты жүзеге асырылуы, ата-аналардың тарапынан

	Дарынды балалармен жұмыс жүйесінің нашар болуы. Мектеп оқушыларының аз бөлігінде ғана зияткерлік және шығармашылық бағытта мотивацияның болуы. Педагогтердің бұл бағыттағы жұмысты ұйымдастыруда тәжірибесіздігі немесе жеткіліксіз деңгейде қызығушылық танытуы		толық қолдау танытпау
Жалпы азаматтық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының орындалуы. Мектеп дәстүрлерінің болуы. Ата-аналарды жалпы мектептік іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етуі. Жалпы мектептің ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің жұмысы жүргізілуі. Мектепшілік есепте тұрған балалармен құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмысы. Мектепте жобалардың жүзеге асырылуы: - READx жобасы - Proftime жобасы - Экологиялық мектеп - Оқуға құштар мектеп - Құндылықтарға негізделген мектеп	Ата-ананың мектепшілік іс-шараларда қатысу белсенділігінің төменділігі. Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау орталығы жұмысының жеткіліксіздігі Білім берудегі тәрбиелік компоненттің әлсіреуі Кей жағдайда іс-шаралардың қажетті деңгейде өткізілмеуі	Жалпы ата-аналармен байланысты кеңейту. Әр түрлі инновациялық педагогикалық технологияларды ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау сабақтарына енгізу. Балаларды отансүйгіштікке баулу	Интернет желісінің өскелең ұрпақ тәрбиесіне кері әсерінің өсуі. Контенттік (заңсыз және әдепсіз материалдар) және коммуникациялық тәуекелдердің болуы. БАҚ-тың өскелең ұрпақтың азаматтық сана-сезімінің қалыптасуына кері әсері. Адами және рухани құндылықтардың бүгінгі қоғамда құнсыздануы

- Ұлы есімдер жобасы - Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы			
Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары			
Ішкі күшті жақтары	Ішкі әлсіз жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Білім алушылардың спорттық шараларға қызығуы Ыстық тамақпен қамтамасыз етудің үнемі бақылауда болуы Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы іс-шараларға деген оқушылардың қызығушылықтары мен белсенділігі	Мектептің жобалық қуаты мен білім алушылар контингентінің сәйкессіздігі. Су ішу режимінің жеткіліксіз ұйымдастырылуы. Қысқы мезгілде оқу кабинеттерінде жылудың төмендеуі. Кей жағдайда білім алушылардың жаман әрі зиынды әдеттерге әуестігі.	Салауатты өмір салтын меңгерген білім алушылардың тұрақты жұмысы. Білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.	Орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету желісіне қосылмау. Электронды сигареттердің, хош иісті сигареттердің оқушылар арасында қолданылуы. Ерте жыныстық қарым-қатынастың насихатталуы. Әлеуметтік желілерде тартылатын денсаулыққа зиынды, адам өміріне қауіп туғызатын желілік ойындар мен бағдарламалардың еркін таралуы

2.2 Мектептің инновациялық әлеуетін бағалау

Мұғалімнің кәсіптік деңгейі мен шығармашылығын дамыту бойынша жұмыстарды жүзеге асыру міндеттері:

- кәсіби қарым-қатынас арқылы педагогикалық шеберлікті анықтау, рейтинг жүйесін қалыптастыру;
- оқушыларды жеке тұлға ретінде қарай отырып, білім сапасын көтеруде коучингтар мен LESSON STUDY (зерттеу сабақтары) арқылы деңгейлі бағдарлама модульдерін сабақтарға тиімді ықпалдастыруды қадағалау;
- мұғалімдер біліктілігін көтеруде курстардан өту және заманауи тұрғыдан ұйымдастырылған ашық сабақтар циклын ұйымдастыру және талдау;
- мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін дамытуға нақты жағдай жасау;
- мектепте шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерді іріктеу арқылы «Шеберлік сыныптарын» ұйымдастыру; түрлі деңгейдегі сайыстар мен семинарларға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысуын бақылау;
- педагогика, психология, әдістеме саласындағы тың жаңалықтарды, әдіс-тәсілдерді оқу, меңгеру және мектепте инновациялық орта қалыптастыру үшін пайдалану;
- ғылыми-теориялық және әдістемелік әдебиеттермен, басылымдармен қамтамасыз етілуін қадағалау.

Міндеттерді жүзеге асыруға байланысты мектеп әкімшілігі жүйелі жұмыс ұйымдастырып, әр мұғалімнің өзекті тақырыбы бойынша оқу-тәрбиелік жұмыстың мақсат-міндетін анықтап, өзекті тақырыпты жүзеге асырудың жоспарлары жасалынып, оны іске асырудағы әдістер мен формалар және мазмұнын нақтылап, қорытындылауды анықтады.

Педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету үшін қолайлы мүмкіндер қарастыруды міндет ете отырып, педагогикалық кәсіби біліктілікті арттыру мақсатты бағдарланған жұмыстар атқарылуда. Жыл сайын мұғалімдер кәсіби шеберліктерін білім беру платформалары арқылы, біліктілік арттыру курстары арқылы, облыстық, республикалық семинар, вебинарлар мен конференциялар арқылы арттырып отырады. Соңғы үш жылда мектеп мұғалімдері жаңартылған білім мазмұны, бағалау тапсырмалдарын әзірлеу, пәннің әдістемелік құзіреттілігін дамыту бағытында «НЗМ» ДББҰ ПШО, «Өрлеу» БАҰО АҚ-дан біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалім 100% -ды құрады.

Жас мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру және дамуы үшін жас мамандар мектебі жұмыс жасайды, тәлімгерлік мектебі қалыптасқан. Алайда соңғы үш жыл ішінде мектепте жас мамандардың болмауына байланысты мектеп өз жұмысын уақытша тоқтатқан. Сонымен қатар, мектеп педагогтері арасынан «Ең үздік дене шынықтыру мұғалімі-2024» конкурсының қалалық кезеңінен Гран При, білім алушылар арасынан ауыл мектептерінің пәндік олимпиадасының республикалық кезеңінде бір I орын (Алтын медаль), білім алушылар арасынан жалпы орта білім беретін мектептерінің пәндік олимпиадасының республикалық кезеңінде екі рет III орын (Күміс медаль).

Іс – шара/ әрекеттер	Мақсаты	Жауапты	Мерзімі
«Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі –сапалы білім беру негізі» тақырыбында коучингтар	Мұғалімнің кәсіптік деңгейі мен шығармашылығын дамыту бойынша жұмыстарды жүзеге асыру	Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері	Жыл бойы
«Жас педагог тәжірибесінде тәлімгерлік жүйесінің элементтерін іске асыру барысын бағалау» шебер сағаттары	Тәлімгерлердің жоспарға сәйкес атқаратын жұмыстарын жүргізу	Тәлімгерлер	Жылына 2 рет
Педагогтардың тәжірибесін жақсарту мақсатында Lesson study ұйымдастыру және өткізу тиімділігі	Олқылықтарды анықтауға және оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалпына келтіру және мақсатты түзету.	Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары, Мектеп тренері	Білім сапасын төмен көрсеткен сыныптарды мектепішілік бақылауға алынған жағдайда
Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру жұмыс жоспарының құрылуы туралы	Оқушының білім сапасына әсер ететін жеке басының ерекшеліктерін бақылау	Сынып жетекшілер, пән мұғалімдер	Оқу мақсатын меңгермеген жағдайда
Оқу процесінде қолданылған инновациялық әдіс тәсілдердің мұғалімдердің кәсіби өсуі мен оқушының білім сапасын арттырудағы жұмыстар	Білім сапасын арттыруға тиімді әдіс-тәсілдермен бөлісу	Пән мұғалімдері	Жыл бойы
«Тәжірибе алмасу – шеберліктің шыңдалу мектебі» атты тәжірибе алмасу сабақтар айлығы	Мұғалімдердің өзара іс-тәжірибелерімен бөлісу, алмасу.	Пән мұғалімдері	II жартыжылдықта

Педагогикалық тәжірибені тарату шеңберінде шебер сыныптар, вебинарлар өткізу кестесін құру	Пән мұғалімдерінің педагогикалық тәжірибені тарату шеңберіндегі шебер сыныптар, вебинарлар кестесін құру	Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері	Жыл бойы
Бірлестіктер арасында «Оқыту үдерісін жоспарлауда қалыптастырушы бағалаудың маңызы» дөңгелек үстел	Қалыптастырушы бағалау туалы түсініктерін қалыптастыру	Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары	Қазан
Білім сапасын арттыру мақсатында пән мұғалімдерінің іс-тәжірибесімен бөлісуді ұйымдастыру	Мұғалімдердің кәсіби дамуын арттыру, әдістемелік көмек көрсету	Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері	Жыл бойы
Мұғалімдердің білім беру платформаларымен жұмыс жасауы	Сабақта тиімді білім беру платформаларымен жұмыс жасау	Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары	Жыл бойы
Озық іс-тәжірибелер жинағы	Мектептегі жыл бойы озық іс-тәжірибелері топтамасын жинақтап, бөлісу.	Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері	Жыл соңында

Педагогтардың тәжірибесін жақсарту мақсатында «Lesson study» ұйымдастыру және өткізу тиімділігі бойынша бірқатар жұмыстар жүзеге асырылуы тиіс және жоспарлы түрде қолға алыну жоспарланып отыр. «Lesson study» – мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Бұл бағытта келесі міндеттер қойылды:

Lesson Study-ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттауды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобын құру;

Білім сапасын төмен көрсеткен сыныптарды мектепшілік бақылауға алынған күннен бастап бұл сыныптармен зерттеу жұмыстарды бастау;

Іс-әрекеттегі зерттеуде туындаған қиындықтарды нақтылау және айқындау;

Зерттеу мәселесі тұрғысынан алғанда сабақты одан әрі жақсартудың жолдарын қарастыру;

Lesson-Study технологиясы бойынша жұмыс істейтін мұғалімдер жаңа ғылыми идеяларды, қағидаттарды, педагогикалық технологияларды белгілі бір білім беру мекемесінің жағдайына қарай бейімдейді, яғни инновациялық-енгізу қызметімен айналысады.

2.3 Педагогтер мен олардың кәсіби бірлестіктерінің мектепті дамытудың перспективалары мен бағыттары туралы пікірлерін зерделеу

Мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты мәселелер көптеген жауапкершілікті талап етеді. Қазіргі кезеңде білім беру мақсаттары күрделеніп, оқу ақпаратының мазмұны жаңаруда, педагогикалық коммуникация құралдары және педагогикалық әсер етудің объектісі - оқушылар да айтарлықтай өзгеруде. Осы факторлардың барлығы мұғалімнің педагогикалық кәсіби шеберлігінің деңгейін жоғарылатады. Оқу үрдісі жаңаруының басты шарты – кез келген педагогикалық жүйенің тұлғасы болып табылатын мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттыру. Мұғалімді даярлау мақсатына қызмет етіп, оның бағдарламасын айқындайтын өлшемдік бейнелерге мамандық моделін, кәсіби паспортын және біліктілік сипаттамаларын жатқызуға болады. Педагогикалық қызметті, оның құрылымдарын, міндеттік бөлшектерін, жүйелік ұйымдастыру қағидаларын зерттеу мәселелерін қамтитын басқаша бағыт саласында маңызды теориялық және тәжірибелік мәліметтер де баршылық. Демек, бұл жерде ғылыми білімдерді теңестіру кезеңін көрсететін мәліметтердің жеткілікті көлемде жинақталғанын айтуға болады. Мұғалімнің еңбекке деген ықыласы, өмірлік көзқарасы, кәсіби бағыты сияқты жеке жинақылық сапалық мінезін зерттеу және іздестіруді сипаттайтын қарсы үрдістегі пікірлер де жоқ емес.

Педагогикалық шеберлік және мұғалімнің педагогикалық мәдениеттің компоненті ретінде:

Педагогикалық шеберлік, педагогикалық мәдениеттің компоненттерінің мәні мен мазмұны	Педагог мамандығындағы актерлік және режиссерлік шеберлік элементтері. Педагогикалық шеберлік компоненттері. Мұғалімнің кәсіби білімнің ерекшеліктері. Педагог мамандығындағы жеке шығармашылық қабілетті іске асыру.
Педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың негізгі кәсіби-педагогикалық іс-әрекеті	Жалпы педагогикалық қызмет және кәсіби педагогикалық қызмет. Педагогикалық қызметтің ерекшеліктері мен қиыншылықтары. Кәсіби қызметтің мәні мен құрылымы. Мұғалімнің жеке басы оның кәсіптік қызметінің өзекті факторы ретінде. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі педагогтың жеке басының кәсіби қасиеті. Педагогикалық қызмет деңгейлері: репродуктивтік бейімділік жергілікті үлгіленген, жүйелі үлгіленген қызмет пен мінез-құлық. Шеберлік педагогтың қызметінің ең жоғары деңгейі ретінде
Педагогикалық шеберліктің басты шарты педагогикалық эрудиция мен құзіреттілік	Жалпы мәдениет педагогтың кәсібилігінің шарты. Ғылыми эрудиция құндылық бағдарламалар – педагогикалық мәдениеттің компоненттері. Педагогикалық эрудицияға жетудегі ой-еңбегі техникасымен мәдениетті. Педагогтың теориялық дайындалу мазмұны: бақылау, жобалау, ақыл рефлексиясы.
Педагогикалық техника педагог шеберлігінің элементі ретінде	Мұғалім іс-әрекетінің техникалық мәні. Педагогикалық шеберліктегі басқару технологиясы. Мұғалімнің 9 өзін-өзі басқарудың шеберлігі өзін-өзі қалыптастырудың техникалық негізінде. Педагогикалық техника педагог шеберлігінің элементі ретінде. Педагогикалық өзара қызметте ауызша қатынас құралы.

Педагогтардың сөзі тәрбиелік ықпал ету мен мағлұмат беру құралы ретінде	Сөз әрекетінің психологиялық құрылымы: мақсаты, мазмұны, формасы. Сөз-мұғалім мен оқушылардың тіл табысу құралы. Педагог сөзінің тиімділігінің әлеуметтік-психологиялық факторлары. Сөз мәдениеті, оның элементтері. Мұғалім сөзінің логикасы. Сөз сөйлеу құралдары. Сөз, сөйлеу техникалар: дем алу, дауыс, дикция, ырғақ.
Кәсіптік шеберліктің құрамдас бөлігі педагогикалық қарым-қатынас	Қарым-қатынас педагогиканың негізі жөніндегі ұғым. Қарым-қатынасты ұйымдастыра білу және өзінің психологиялық жағдайында оны басқара білу. Қарым-қатынас құрылымы мен функциялары. Қарымқатынас стилі және педагогикалық жетекші стиль. Педагогикалық такт, педагогикалық этика.
Педагогикалық қарым-қатынастың қажетті элементі педагогикалық этика мен такт	Педагогикалық қатынас және оның мұғалімнің кәсіби қызметіндегі орны. Педагогикалық қарым-қатынас стилі.
Педагогикалық қарым-қатынастың формасы коммуникативтік іс-әрекет	Педагогтің оқушыларға олардың ата-аналарына, әріптестеріне сөз арқылы көмек көрсету. Педагогикалық өзара іс-әрекет, коммуникативтік қабілеті. Сенім түрлері және оның классификациясы. Сенімнің сөздік формалары: команда, бұйрық, тәртіп, талқылау, әзіл-қалжың арқылы белгі беру. Сенім мен көз жеткізудің бір-бірімен байланысы.
Педагог-психологтың өзін-өзі тәрбиелеуі және кәсіби шеберлігін қалыптастыруы	Педагог-психологтың өзін-өзі тәрбиелеуі және кәсіби шеберлігін қалыптастырудың құралы ретінде. Педагог іс-әрекетінің компоненттері. Педагог-психологтың өз мәдениетін көтеру. Педагогпсихологтың сана-сезімі және педагогикалық рефлексия.
Жоғары және орта оқу орындарында оқу-тәрбие процесін басқарудағы оқытушының шеберлігі	Оқушылардың танымдық әрекетін басқарудағы оқытушы шеберлігі. Өзіндік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен басқарудағы оқытушы шеберлігі.

2.4 Инновациялық процесте күтілетін салдарларды болжау, өзгерістер тәсілдері мен нысандарын ұсыну

Педагогикалық шеберліктің элементтері болжауда күтілетін нәтиже:

Гуманистік бағытталғандығы	Кәсіптік білімдері	Педагогикалық қабілеттері	Педагогикалық техника
Қызығушылығы Құндылықтары Мұраттары	Өз пәнін, оны оқытудың әдістемесін, педагогиканы, психологияны білу	Коммуникативтілігі: адамға деген оң қатынасы, тілектестігі, перцептивтігі, кәсіптік байқағыштығы, педагогикалық интуициясы. Динамизмі: еріктік әрекетке, логикалық сендіруге қабілеттілігі. Эмоционалдық орнықтылығы: өзін-өзі меңгеруі, оптимистік	Өзін-өзі басқара білу іскерлігі, өзара әрекет жасау іскерлігі

		болжау. Креативтілігі: шығармашылыққа қабілеті	
--	--	--	--

Мұғалімнің жеке әлеуметтік тұлғасын қалыптастыруда қажетті негіздер:

- даралық-тұлғалық қалыптасу;
- өз мүмкіндігін игеру қажеттілік;
- өзін-өзі іскерлік әдістемелік жетілдіру;
- өзінің кәсіби-пәндік білімін толықтыру;
- кәсіби кемелдену т.б.

2.5 Білім беру процесінің мазмұнына қанағаттану дәрежесін зерделеу үшін тәрбиеленушілердің/білім алушылардың ата-аналарынан сұхбат алу және сауалнама жинау

III. Бағдарламаның пайымы

Классикалық оқыту дәстүрлері мен Қазақстанның заманауи жетістіктері және әлемдік педагогикалық тәжірибені біріктіретін білім берудің инновациялық көптілді моделі. Модель жоғары адамгершілік құндылықтарға бағдарланған, ұлттық және әлемдік мәдениеттер жүйесіне кіріктірілген, қоғамның рухани-әлеуметтік дамуына белсене араласа алатын, мамандықты саналы түрде таңдауға қабілетті интеллектуалды тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған.

Даму бағдарламасын іске асырудың тиімділігін зерттеу үшін біз келесі критерийлер мен көрсеткіштерді қолданамыз:

	Өлшемдері	Көрсеткіштер	Әдістері
